



Ақмешіт

23 желтоқсан
сейсенбі

№98 (2210)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БРИФИНГ

АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ БАҒДАРЫ АЙҚЫН



ҚР Президенті жанындағы
«Орталық коммуникациялар
қызметінің баспасөз алаңында
облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев
брифинг берді.
Брифингте аймақ басшысы
Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің
әлеуметтік-экономикалық
дамуы туралы баяндады.
Ел Президентінің
бастамалары мен
тапсырмаларын жүзеге асыру
мақсатында өңірде атқарылған
жұмыс пен алдағы міндеттер
туралы айтты.



Бүгінде Сыр өңірінде атқарылған жұмыстар мен қолға алынған оң бастамалар жетерлік. Соңғы жылдары өңірге тартылған инвестиция көлемі артқан. Инвестициялардың басым бөлігі ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және инфрақұрылым салаларына бағытталған. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашып, халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Мәселен, «2022-2024 жылдары облыс экономикасына 1 трлн 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылған. Биылғы 631 млрд 400 млн теңге жоспарланған. Осы уақытқа дейін жаңа жобаларды іске қосу арқылы инвестиция 750 млрд теңгеден асып, жоспар артығымен орындалған.

– 2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайыз артса, жеке инвестиция үлесі 70 пайыз. Экономиканы әртараптандыруда алдағы жылдары 2,8 трлн теңгенің 98 инвестициялық жобасы жоспарланған. Бұл 12 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Биыл 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды. Шілде айында 5 млрд теңгеге «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің толық автоматтандырылған кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті құраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді. «Қызылорда нан» серіктестігінің нан өндіру кешені іске қосылды. Кешеннің жалпы құны 5 млрд 600 млн теңге болатын нан-тоқаш, кондитерлік-макарон өнімдерін (жалпы қуаттылығы 7,8 мың тонна) шығаратын 4

цехы жұмыс жасауда. Бұдан бөлек, 753 млрд 300 млн теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталуда. Оларды атап өтсек, 414 млрд 700 млн теңгеге «Шалқия» кен-байыту фабрикасы, 161 млрд 400 млн теңгеге кальцийленген сода зауыты, 60 млрд теңгеге «Seven Rivers Technologies» компаниясының бөтелке шығаратын зауыты, 37 млрд 800 млн теңгеге өңтүстік корейлік «With you e&c Qyzylorda» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдеу зауыты. Өткен аптада ғана испандық «Rosa Group» компаниясымен жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісімге қол қойылды. Елімізде салынатын алғашқы зауыттың құны 44 млрд теңге, 300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Жоба 2027 жылы іске қосылады, – деді аймақ басшысы.

Сыр өңірінде ауыл шаруашылығы саласында да оң серпіліс бар. Аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласын дамыту, халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту мәселелері жөнінде кеңінен тоқталды. Мұнда күріш өндірісімен қатар, егін шаруашылығын әртараптандыру жұмыстары жүргізілуде. Су үнемдеу технологияларын енгізу арқылы өнімділік сақталып, су тапшылығының әсері азайтылуда. Сыр өңірі су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су шығынын азайту мақсатында егістікке жаңа технологиялар енгізуді қолға алған. Соның нәтижесінде биыл дикандар күріш алқаптарының 60

мың гектарын лазермен тегістеп, суды үнемдеп, өнімділікті арттырған. Су үнемдеу технологиялары 8100 гектарға пайдаланылып, өткен жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайған. Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолданып жүгері, жоңышқа егуге бағытталған 3 ірі жоба қолға алынған.

– Егін шаруашылығын әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын енгізген шаруашылықтарды мемлекеттік қолдауға алдағы 3 жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі жыл сайын артып келеді. Осы жылы бұл көрсеткішті 234 млрд 800 млн теңгеге жетті. Қазіргі таңда 6 млрд 400 млн теңге болатын 9 жоба іске қосылды. Ауыл шаруашылығының машина-трактор паркі жаңартылып, 2022-2024 жылдары 21 млрд 800 млн теңгеге 647 техника алынса, биыл 4 млрд 700 млн теңгеге машина-трактор паркі 139 ауыл шаруашылығы техникаларымен толықтырылды. Дер кезінде қабылданған шешімдердің негізінде егіс алқаптары толық сумен қамтамасыз етіліп, егінді шығынсыз алып қалуға барынша жағдайлар жасалды. Өңірде биыл 189 600 гектарға егін егілді, 80 900 гектарға себілген күріштің әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынып, 470 мың тоннаға жуық астық жиналды, – деді Н.Нәлібаев.

2-БЕТТЕ

ЭКОЛОГИЯ

ҚЫС ЖЫЛЫП БАРАДЫ

Жер шарының орташа температурасы күннен-күнге көтеріліп келеді. Бұл «жаһандық жылыну» деп аталатын құбылыс. Адамдардың табиғатқа зиян келтіру салдарынан атмосфераға парниктік газдардың шамадан тыс бөлінуі жер бетіндегі жылуды ұстап қалып, климаттық жүйені қыздыруда. Бұл үрдіс XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын алды. NASA агенттігінің деректері бойынша, соңғы он жыл тарихта ыстық болды. Ғалымдар Жердің климаты мыңдаған жылда болмаған қарқынмен өзгеріп жатқанын, тіпті кейбір үрдістердің қайтарымсыз сипатқа ие бола бастағанын ескертеді. Мәселен, БҰҰ-ның Климат жөніндегі сарапшылар тобы 2021 жылғы баяндамасында

«адам әрекеті 1850-1900 жылдармен салыстырғанда планета температурасын шамамен 1,1°C-қа жоғарылатты», – деп атап көрсетті. Яғни жаһандық жылыну ең маңызды экологиялық сын-қатер, оны халықаралық ұйымдар да, мемлекеттер де мойындап отыр.

4-БЕТТЕ



ЦИФРЛАНДЫРУ ӘСКЕРГЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛЕДІ?

Қазақстан
Қарулы Күштері
заман талабына
сай цифрлық
трансформация
жолына бет
бұрды. Мемлекет
қорғаныс саласын
жаңғыртуда
цифрландыру
мен жасанды
интеллектті
енгізуді
стратегиялық
міндет ретінде
қарастырады. Мәселен,
авиация генерал-
лейтенанты
Дәурен Қосанов
Президенттің
жолдауында белгіленген басымдықтарды іске асыру жөніндегі жиында жасанды интеллект технологияларын енгізу маңызды екенін атап өтті.



– Қорғаныс министрлігінің алдында цифрлық шешімдерді, жасанды интеллект технологияларын, автономды басқару жүйелерін кеңінен енгізу, сондай-ақ ұлттық қорғаныстың киберқұрамасын дамыту міндеті тұр. Болашақта әскеріміз күрделі гибридік қатерлерге жауап бере алатын, шапшаң, дәл әрі жоғары технологиялы армия болуы қажет, – деп атап өтті авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов.

Қазіргі кезде еліміздің барлық әскери бөлімдерінде цифрлық инфрақұрылымды дамыту жедел жүргізілуде. Министр жыл соңына дейін әрбір әскери бөлімде жергілікті

деректер желісін құрып, ал барлық әскери оқу орындарында оқу үдерісін толық цифрландырып, оқыту бағдарламаларына жасанды интеллект бойынша сабақтарды енгізуді тапсырғанын да айта кеткен жөн. Бұған қоса, көлік-логистика және құрылыс саласында 3D-модельдеуді кеңінен қолдану талабы қойылды. Демек, қорғаныс саласының цифрлық технологиялар мен инновацияларды ендіру – негізгі мақсат. Бұл қадамдар әскердің заманауи бейнесін қалыптастырып, қоғам мен жас буынның әскерге деген сенімін нығайтуға бағытталған.

3-БЕТТЕ

Келер жылдан бастап зейнетақы жинағының ең төменгі шегі тағы да өседі. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қазіргі және болуы мүмкін инфляцияны есептеп 10 пайызға көтеруді ұсынған. Яғни қарапайым жұртқа қол жетпеген зейнетақы жинағының шекті мөлшерін алу одан сайын қиындай түсті.

ЗЕЙНЕТКЕ

ЖИНАҒАНЫҢЫЗ ҚАНША?



Зейнетақы жүйесіндегі маңызды көрсеткіш жеткілікті шегі екені белгілі. Азаматтар зейнет жасқа жеткен кезде салымшының шотында қалуы тиіс инфляциядан қорғауға бағытталған қаржылық қауіпсіздік жастығы іспеттес. Бұл көрсеткіш экономикалық жағдайға бейімделіп жыл сайын қайта қаралып отырады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ең төменгі шекті соманы есептеу кезінде үкімет бекіткен әдістемені қолданғанын алға тартады. Бірнеше факторды қамтыған есепте ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі күнкөріс деңгейі, инфляция, инвестициялық кіріс және алдағы үш жылға арналған бюджет параметрлері назарға алынған. Биыл бұл есептеулер Қазақстан Республикасының «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңында бекітілген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер негізінде жүргізілді. Заңға сәйкес 2026 жылы ең төменгі жалақы 85 000 теңге, ең төменгі зейнетақы 69 049 теңге, ал ең төменгі күнкөріс деңгейі 50 851 теңге көлемінде белгіленді. Дәл осы көрсеткіштер жеткілікті шегінің он пайызға өсуіне ықпал еткен.

Енді 20 жастағы азаматтың жинағы 3 млн 750 мың теңгеден асқан жағдайда қалған бөлігін пайдалана алады. Алдыңғысында бұл сома 3 млн 260 мың теңге еді. Сондай-ақ 30 жаста 5 млн 120 мың теңгеден асатын ақша зейнетақы шотыңызда болса, қалған бөлігін пайдалана аласыз. Ал 60-62 жастағы азаматтар үшін ең төменгі сома – 10 млн 700 мың теңге.

– Жеткілікті шегін есептеген кезде инфляциядан өзге бірқатар әлеуметтік көрсеткіштер негізге алынды. Ең төменгі жеткілікті шегі дегеніміз ай сайынғы зейнетақының ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес көлемде қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының шекті сомасы делі, – «БЖЗК» АҚ басқарушы директоры Мұрат Шәріпов.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

**Баспасөзге 2026 жылдың бірінші
жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге
жазылуды ұмытпаңыз.**

**Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз
болса, мына нөмірлерге
хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.**

МИНИСТРЛІК ҰСЫНЫСЫ: кез келген дүкенде сатылмауы тиіс



Қоғамдағы қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мәселесі соңғы жылдары күн тәртібінен түскен емес. Әсіресе алкоголь өнімдерінің қолжетімділігіне қатысты бастамалар ел ішінде кеңінен талқылануда. Жуырда Ішкі істер министрлігі алкогольді тек арнайы алкомаркеттерде сатуды ұсынды. Бұл ұсыныс жастарды зиянды әдеттерден қорғауға, тұрмыстық жанжалдар мен қылмыстың алдын алуға бағытталғанымен, қоғам мен кәсіпкерлер арасында түрлі пікір қалыптастырып отыр. Бірі алкомаркет ашу тиімді десе, енді бірі бұл бастаманың тиімсіз екенін айтады. Осы тұста біз де мәселенің жай-жапсарын анықтап көрдік.

3-БЕТТЕ

АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ БАҒДАРЫ АЙҚЫН



Халықтың сапалы өмір сүруі үшін әлеуметтік мәселелерді шешу бірінші орында екені анық. Осы тұрғыда таза ауызсу, тұрғындарды ыстық сумен қамту жұмысы кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

– Мемлекет басшысының елді мекендерді түтәлей орталықтандырылған сапалы ауыз-сумен қамтамасыз ету тапсырмасы 100 пайыз орындалды. Мысалы, Арал қаласынан 120 шақырым жерде, яғни ең шалғай орналасқан Ақбасты ауылына да су жеткізілді. Мемлекет басшысы 2023 жылы өңірге жұмыс сапары кезінде Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту туралы тапсырма берген болатын. Осылайша қызылордалықтардың арманына айналған көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су қосу мәселесі оң шешімін тапты. Осы мақсатқа 26 млрд 200 млн теңге бөлініп, 423 тұрғын үйге жоба әзірленді. Жобалар 2 кезеңмен іске асырылуда. Бірінші кезеңде 2024 жылы 186 үйді ыстық сумен қамтамасыз ету үшін Үкімет резервінен 11 млрд теңге қаржы бөлініп, тұрғын үйлер ыстық суға қосылды. Екінші кезең бойынша 15,2 млрд теңге қаржыға 237 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтылуда. Осы бағытта биыл Үкімет резервінен бөлінген 5 млрд теңгеге 61 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су жеткізілді. Сондай-ақ арнаулы мемлекеттік қордан 10,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Қазіргі кезде тұрғын үйлерді ыстық су жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде. 2022-2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд 600 млн теңгеге 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 343 жоба жүзеге асты, – деді Н.Нәлібаев.

Аймақта жұмыссыздық көрсеткіші жыл сайын төмендеп келеді. Биыл 27964 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. «Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасы 2022-2024 жылдары 42 пайыз артығымен орындалып, 37 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылған. Ал, биылғы жылы 12 мыңнан астам жұмыс орны ашылды, жоспар 12,9 пайыз артығымен орындалды. 2023-2025 жылдары «Ауыл аманаты» жобасы аясында 100-ден астам елді мекенде 6 млрд 828 млн теңгеге 943 жоба жүзеге асырылып, жаңадан 1 303 жұмыс орны құрылған.

Жалпы, өңірде жол құрылысы қарқынды дамуда. Облыс орталығында да жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Атап айтқанда, биыл жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жеткен.

– Қызылорда қаласындағы 270 көше қайта жаңғыртылды. Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд 605 млн теңге бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Жақында ғана «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағындағы 216 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне берілді. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында көлік логистикасын одан әрі дамыту бағыты белгіленіп, «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдету тапсырылған. Автожолдың ұзындығы 559 шақырым, оның 189 шақырымы Арал ауданының Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосамаң, Бердікөл, Сексеуіл ауылдары арқылы өтеді. Бұл өңірдің ең шеткі елді мекендеріндегі жол қатынасын жақсартатады, – деді Н.Нәлібаев.

Бүгінде Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналған. Өңірде 2022 жылдан бері 200-ге жуық халыққа қажетті әлеуметтік нысан салынып, тұрғындар игілігін көруде.

– Аймағымызда соңғы 3 жылда алғаш рет барлық ауданда жаңадан тұрғын үйлер салынып, 1 800-ге жуық, атап айтқанда 2023 жылы 430, 2024 жылы 1015, 2025 жылы 332, жалпы 1777 пәтер жерлестерімізге табыс етілді. Биыл 3600 пәтерлік тұрғын үйлер салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. «Білімді қолдау қорының» 8 млрд 400 млн теңге қаржысына физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты ел игілігіне табысталды.

Қызылорда қаласында құрылысына 11 млрд теңге қаралған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының демешілігімен 2 млрд 500 млн теңгеге заманауи Оқушылар сарайы ашылды. «Саутс Ойл» компаниясы музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасын салуға 4 млрд 800 млн теңге демешілік жасады. Қазіргі уақытта Президент саябағында жыл бойы жұмыс істейтін заманауи балалар тынығу лагері, Ботаникалық білім беру орталығы бой көтеріп келеді. Сондай-ақ жұмысшы мамандарды даярлауға арналған «Құзыреттілік орталығы» ғимараты да басталды», – деді Н.Нәлібаев.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында облыс көлемінде көркейту-көгалдандыру, ауыл аймақтарды абаттандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Биыл қалалық мәдени-демалыс паркі қайта жаңғыртудан өтті. Қорқыт Ата мемориалды аллеясы да жаңғыртудан кейін жайлы демалыс орнына айналды.

Жаңаған Президент саябағы тұрғындар көп жиналатын қаладағы көрікті орындардың бірі болады. Бүгінде саябақта бес жұлдызды қонақүй салынуда. Сырдария өзені үстінен

Астана шағын ауданы мен екі аралықты байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі құрылысы жоспарланған.

Облыста денсаулық сақтау саласын дамыту барысында жүйелі іс-шаралар жасалған. Биылғы жыл қорытындысы бойынша аймағымызда денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады. Биыл аймақта «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 10 млрд 763 млн теңгеге 28 медициналық нысан салынды.

– Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы қарқын алды, 5 млрд 400 млн теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан қосымша ғимараттар салынды. Бұрын-соңды өз ғимараты болмаған қан орталығы бүгінде жаңадан салынған нысанда халыққа қызмет көрсетуде. Оған қоса үкімет облыс орталығында 48 млрд 500 млн теңгеге 200 орындық перинаталдық орталық, 14 млрд 780 млн теңгеге 500 орындық емхана салуға тиісті қаулы қабылдады. Құрылыс жұмыстары жақын күндері басталады. Тағы бір 400 орындық емхана салу жоспарлануда, – деді облыс әкімі.

Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандар біліктілігін арттыру мәселесі ұдайы назарда. Халықаралық байланыстың артуы мамандардың тәжірибе алмасуына жол ашты. Өткен жылы 15 дәрігер Түркияның жетекші медициналық клиникасында білімін жетілдірген. Биыл 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі үздік клиникаларда біліктілік арттырған.

Табысты ұлт болып қалыптасудың тағы бір маңызды факторы – білім сапасы. Әрбір баланың білім алуына, жан-жақты дамуына лайықты жағдай жасалуы керек. Қазіргі таңда елімізде «Келешек мектеп» ұлттық жобасы осы мақсатта жұмыс істеуде. Бұл бағытта Сыр өңірі де оқ бойы озық келеді. Білім саласының дамуы үшін бөлінген қыруар қаржыдан ақ осыны байқауға болады. Мәселен, бұл салаға соңғы үш жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге бөлінді. Өткен жылы 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Аймақта үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

– «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты салынып, ел игілігіне табысталды. Сонымен қатар «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынды. Биыл «Қазақстан халқына» қоры арқылы 500 млн теңгеге 2 мектеп ауылдық жерлердегі ресурстық орталықтар ретінде интерактивті және заманауи оқу кабинеттерімен қайта жабдықталды. Бүгінде аталған қордың 2,5 млрд теңге қаржысына облыстағы 58, оның ішінде 8 шағын жинақты мектептің физика, химия, биология пәндік кабинеттері құрал-жабдықтармен қамтылды. Жақында өткен ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысының командасы қоғамдық-гуманитарлық бағытта II-орын, жаратылыстану-математикалық бағытта III-орынды иеленді, – деді облыс әкімі.

Аймағымызда халықтың барлық санатының бұқаралық және кәсіби спортпен шұғылдануына жағдай жасалған. Соңғы 3 жылда 21 спорт кешені бой көтеріп, ел игілігіне табысталды.

Мемлекет басшысының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерінің санын көбейту тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында жаңа стадион салынған.

– УЕФА-ның IV санатты сертификаттан алған 11 мың орындық заманауи нысанда ауқымды спорттық іс-шараларды өткізуге барлық мүмкіндік бар. Жаңа стадион 4 қазан күні футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен ашылды. Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі – аумағы 25 мың шаршы метр, құны 20 млрд 500 млн теңге болатын көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешені. Бүгінде кешеннің құрылыс алаңындағы жұмыс қарқынды, – деді Н.Мамбекулы.

Облыс орталығында Мемлекет басшысының қолдауымен «AKSA Energy» түрік компаниясы Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығын салды. Орталыққа бюджет есебінен 15 млрд теңгеге 45 шақырым газ құбыры жүргізілді. Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған ең ауқымды, теңдессіз жобалардың бірі.

Президент тапсырмаларын жүйелі іске асырып, одан әрі дамыту жолындағы тіріліктер мұнымен тоқтап қалмайтыны анық. Сыр өңірінде серпіліс көп. Атқарылар ауқымды тіріліктің нәтижелерін алдағы уақытта да көретініміз белгілі. Аймақ басшысының бриффингі Сыр өңірінің дамуында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын көрсетті. Экономиканы әртарапандыру, ауыл шаруашылығын қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту және әлеуметтік саланы дамыту – алдағы кезеңдегі негізгі басымдықтар. Барлық бастамалар өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.



ҚАЛА БЮДЖЕТІН БЕКІТТІ

Қызылорда қалалық мәслихаты жыл бойы атқарған жұмысын қорытындылады. Қалалық мәслихат өз қызметінде ашықтық қағидатын басшылыққа алып, халықпен байланыс орнату мақсатында әлеуметтік желілерде мәслихат аппараты қызметкерінің ұялы байланыс нөмірі жарияланған. Бұл арқылы кез келген тұрғын сауал жолдап, пікір білдіре алады. Мәселен, жыл көлемінде 253 азамат қабылдауда болса, 195-і инфрақұрылым мәселесімен, 85-і әлеуметтік қолдауға мұқтаж болған. 127 мәселе бойынша жауапты мекемелерге хат жолданып, 30-ы қанағаттандырылып, 123-не түсіндірме жүргізілген. Бұл туралы өткен аптада қалалық мәслихаттың кезекті XXXXV сессиясында баяндалды.



Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық еткен сессияға қала әкімі Нұржан Ахатов, қала әкімінің орынбасарлары мен қала әкімі аппаратының басшысы қатысты.

Сессия барысында қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев қалалық мәслихаттың 2025 жылы атқарған жұмысына тоқталды.

Мәслихат төрағасының айтуынша, 2025 жылы қалалық мәслихатының 13 сессиясы өтіп, 64 шешім қабылданды. Қаралған мәселелердің 33-і қала, кент және ауылдық округтің бюджетіне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы және 84 депутаттық сауал жолданса, 65-і коммуналдық салаға қатысты. Депутаттар тұрғындарды жеке қабылдауы барысында 280 мәселе көтеріліп, жергілікті атқарушы органдарға хаттар жолданған. Халық қалаулылары сайлаушылармен, ұжымдармен 40-қа жуық кездесу өткізген.

Сондай-ақ жиында қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағалары М.Әбдіқалықов және И.Басықараев атқарған жұмысы туралы есеп берді.

Сессияда 2026-2028 жылдарға арналған қала бюджеті қаралып, бекітілді. 2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджет шығысының басым бөлігі ел Президентінің халыққа Жолдауындағы тапсырмаларға, 2026-2028 жылдарға арналған қаланың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, экономикаға сәйкес айқындалған.

Бұл туралы қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова

хабарлама жасап, депутаттар тарапынан қойылған сауалға жауап берді.

Қалалық мәслихат депутаттары ауылдық елді-мекенге қатынайтын қоғамдық көлікті көбейтуді, Белкөл кентіндегі мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізуді, «Жол картасы» бағдарламасындағы бақылауға алынған жобаның орындалуын қамтамасыз етуді, Қызылжарма ауылдық округіндегі электр желісін жаңартуды, қосалқы электр станциясын орнату жұмысын жалғастыруды, үкіметтік емес ұйымдардың қаржысын қажетті шығынға жұмсауды, қалалық бюджет қаржысының қаланың инфрақұрылымы, әлеуметтік саласына бөлінуіне басымдық беруді және өзге де ұсынысын жеткізді.

Сессия соңында қала әкімі Н.Ахатов жыл көлемінде қалада атқарылған жұмыстарды баяндады.

– Мемлекет басшысының аймаққа жұмыс сапары өңіріміз үшін ерекше маңызға ие болды. Сапар барысында Президент қаладағы жаңа өндіріс жобаларының, әлеуметтік нысандардың құрылысымен танысып, ауыл шаруашылығын әртарапандыру, экология және су мәселесін шешу бойынша бірқатар тапсырмалар берді. Қызылорданың даму қарқынын оң бағалап, жаңа бастамаларға қолдау көрсетті. Бұл – Сыр еліне деген үлкен сенім мен зор жауапкершілік. Алдағы уақытта да Мемлекет басшысының жолдауда белгіленген міндеттерін жауапкершілікпен орындауға күш саламыз, – деді қала әкімі.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЗЕЙНЕТКЕ ЖИНАҒАНЫҢЫЗ ҚАНША?

Осы айдың басында денсаулық сақтау министрлігі бірыңғай зейнетақы төлемін пайдалану қағидаларына өзгеріс енгізді. Жаңа бұйрыққа сәйкес зейнетақы жинақтарын стоматологияға да, офтальмологияға да қолдануға рұқсат берілмейді. Себебі зейнетақы қорындағы ақшаны пайдалану кезінде күмәнді жағдайлар анықталған. Мысалы, бір офтальмологиялық клиникамен шарт

қалпына келтіру операциялары, радионуклидтік және радиойодтерапия, радиохирургиялық емдеу сияқты күрделі оталарды жасау үшін пайдалану мүмкіндігі бар. Экономист Айбар Олжайдан шектік соманың жоғары болуы себебі сұраған едік. Айтуынша, шектік соманың көп болуы себебі зейнетақы қорында жатқан ақшаның тек зейнет кезінде пайдалануын қамтамасыз ету.



жасаған әртүрлі адамдардан өтінімдер түскен, алайда құжаттарда клиниканың түрлі қалалардағы түрлі мекенжайы көрсетілген. Тексеру нәтижесінде бұл мекенжайларда мұндай клиникалардың жоқ екені белгілі болған. Дегенмен осыған дейін құжат тапсырған азаматтардың өтініштері қанағаттандырылады. Қазіргі уақытта банкте «офтальмология» бағыты бойынша жалпы сомасы 13,3 млрд теңге болатын 15 808 өтінім жатыр.

Офтальмология мен стоматология бойынша өтінімдер шектелгенімен, әлі де маңызды және қымбат ем-шараларға алуға болады. Салымшылар шектік соманы артылған ақшаны орфандық ауруларды емдеу, реконструктивтік және

– Халық зейнет жасына жетпей, ақшасын алып қоймай, кейін зейнет жасына жеткенде табысы көп болуы мақсатында зейнетақы жүйесінің жасалғанын білеміз. Соңғы өзгерістерде адамдар өз зейнетақысын емделу немесе баспана алу үшін ала бастауы бұл мақсаттың керісінше болуына әсер еткендей. Үкімет тарапынан жинақ соманы қолдануға бағытталған тыйымдардың барлығы бұл бағдарламаның ақырындап жабылғанын көруге болады. Менің пікірімше, ең әділ жолы бұл жобаның қажеті жоқ. Сол кезде баға да өспес еді. Қазір шектік соманы көтерудегі мақсат адамдардың зейнетақы жинағында жатқан ақшаға барынша тиіспеуін қадағалауда, – деді экономист Айбар Олжай.

Басы 1-бетте

Айтқолын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте



SARBAZ+ және ЖИ

Әскери қызметке жастарды тарту – көптеген ел үшін өзекті міндет және мұнда жасанды интеллект құралдары көмек көрсетуде. Әскери сала бүгінде үлкен деректерді ЖИ арқылы сараптауды қолдана бастады. Мысалы, АҚШ Қорғаныс министрлігі демографиялық, әлеуметтік және психометриялық деректерді талдай отырып, әскери қызметке бейімділігі жоғары жастардың типтік

қосылды. Мысалы, егер казармада рұқсат етілмеген қозғалыс не күмәнді жинақталу орын алса, жүйе дереу белгі береді.

ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиевтің айтуынша, заңсыз әрекеттерге жол бермеу мақсатында барлық әскери бөлімдерде бейнебақылау жүйесі орнатылып, жасанды интеллектті қосылса, Face ID арқылы бөлімшедегі қызметкерлерге толық бақылау болмақ.

– Жүйе қызметке келген әскери қызметкерлердің санын, олардың кіріп-

төмен кадр үміткерлерді компьютер сараптамасына сүйеніп іріктеп шығара алады. Әрине, ЖИ тек көмекші құрал, ал соңғы шешімді адам қабылдайды. АҚШ әскері бұл жүйені енгізу барысында алгоритмдік әділдікке көп көңіл бөлді. Жүйе сараптауында нәсіл, жыныс сияқты қажетсіз факторлар есепке алынбас үшін арнайы сүзгілер қойылған. Нәтижесінде, жыл сайынғы аттестациялық комиссиялардың жұмыс жүктемесі едәуір жеңілдеді.

білімі, отбасылық жағдайы, жүргізуші куәлігі, тұрғылықты мекенжайы сияқты ақпаратты және денсаулық жағдайына қатысты мәліметтер мен соттылық туралы деректерді электронды тіркеу карточкасына енгізеді. Осылайша, жас өрннің әскери есепке алдын ала тіркелгені жөнінде электронды белгі қойылып, жергілікті әскери комиссариат автоматты түрде анықталады. Бұл жаңашылдық азаматтарды әскери есепке алу процесін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Әскерге шақыру науқаны да толық цифрлық трансформациядан өтуде. Мәселен, әскерге шақыру қағаздары енді электронды форматта жолдана бастады. 2024 жылы eGov Mobile мобильді қосымшасында арнайы жаңа қызмет іске қосылып, азаматтарға әскери қызметке қатысты деректерін онлайн алу және үшінші тұлғаларға жіберу мүмкіндігі берілді. Сондай-ақ жарамсыз азаматтар электронды түрде анықталып, оларды әскерге шақырудан босату жөнінде SMS-хабарлама-лар жолданады. Әскерге шақырылушыларды іріктеу кезеңіне жасанды интеллект енгізілді.

Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиевтің сөзінше, ЖИ дереккөры мен арнайы критерийлерге сүйеніп, қызметке жарамды азаматтарды алдын ала анықтап, шақыртуды тек соларға жіберу жоспарлануда.

Әскери оқу орындарына құжат тапсыру енді eGov.kz порталы арқылы

ЦИФРЛАНДЫРУ

ӘСКЕРГЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ӘКЕЛЕДІ?

сипаттамаларын анықтауға тырысуда. «Government Technology Insider» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, ЖИ миллиондаған адамдардың деректерін сүзгіден өткізіп, олардың ішінен әскери мансапқа қызығушылық танытуы мүмкін кандидаттарды іріктеп бере алады. 2024 жылы АҚШ Армиясы осындай мақсатқа арналған жаңа ЖИ құралын сынақтан өткізді. «federalnewsnetwork.com» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, ЖИ 30 миллионнан астам үміткерлердің анкеталық мәліметтерін және 1700 түрлі параметрді талдап, жарамды үміткерлердің дәлме-дәл тізімдерін құрастырып берді. Бұл HR-аналитика әскери комиссариат қызметкерлеріне жалпы көпшіліктің ішінен жақсы сарбаз бола алатын жастарға назар аударуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ ЖИ көмегімен қай өңірлерде, қандай оқу орындарында насихат жұмыстарын күшейту керектігін анықтауға болады. Демек, шектеулі ресурстарды тиімді бағыттау жүзеге асады. Зерттеулер көрсеткендей, ЖИ ең қолайлы аудиторияны дәл таңдап, жеке ұсыныс жасауға септігін тигізеді. Мысалы, әлеуметтік желілердегі мақсатты жарнамада ЖИ алгоритмдері әскери қызметтің артықшылықтарын әр азаматтың қызығушылығы мен құндылықтарына сай жеткізетін контент ұсына алады.

Қазақстанда әскерге шақыру және жас кадрларды тарту ісінде цифрлық технологияларға көңіл бөлінуде. 2025 жылы Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызметтің жаңа форматтағы SARBAZ+ цифрлық жобасын іске қосты. Бұл платформа арқылы әскерге бару процесінің бірқатар кезеңдері автоматтандырылмақ. Атап айтқанда, әскерге шақырылушылар үшін арнайы веб-сайт ашылып, онда нақты әскери бөлім туралы толық ақпарат яғни күн тәртібі, командирлер құрамы, казарма жағдайы, ас мәзіріне дейін көрсетілген. Жастар сол мәліметтермен танысып, өзіне ұнаған бөлімде қызмет етуге онлайн өтінім бере алады. Бұл – әскерге іріктеу ісінде ашықтықты қамтамасыз етеді. SARBAZ+ жобасы шеңберінде сондай-ақ әрбір сарбазға фитнес-білезі (трекер) тағылып, оның жүрек соғысы, физикалық белсенділігі сынды биометриялық көрсеткіштері орталық жүйеге түсіп отырады. Командирлер мен әскери дәрігерлер бұл деректерді қадағалап, жауынгердің жағдайын бақылауда ұстайды. Бұл әскери ортада қамқорлық пен қауіпсіздікті арттырып, сарбаздардың көңіл күйіне оң ықпал етеді. Бұған қоса, бөлімдерде «ақылды» бейнебақылау камералары орнатылып, жасанды интеллект негізінде әлімжеттік немесе төтенше жағдайларды автоматты анықтайтын жүйе пилоттық режимде іске

шығу уақытын, қызмет орнындағы жеке құрамды, қоймаға кіруге рұқсаты бар адамдардың қозғалысын, әскери қызметкерлердің топтасып тұрған аймақтарын, құлап қалған сарбаздарды, сондай-ақ санитарлық торапта ұзақ уақыт кідірген адамдарды автоматты түрде анықтайды. Бұл жүйе толық іске қосылған жағдайда әскердегі тәртіпті күшейтуге үлес қосады деп ойлаймын. «Ақылды» камералар көптеген түйткілдің алдын алуға мүмкіндік береді. Видеожазбалар әскери полицияға жолданып, ал жекелеген талдамалық мәліметтер тікелей әскери бөлімшенің өзіне жіберіледі, – дейді Дархан Ахмедиев.



Әскерге шақырудың жаңа жүйесі

Әскери қызметшілерді іріктеу мен мансаптық өсуді басқаруда да жасанды интеллект инновациялары пайда болуда. Кадрлық таңдауда уақыт шығынын азайту мақсатында кейбір мемлекеттегі әскери талаптарды басқару жүйесіне ЖИ арқылы енгізуде. Мысалы, АҚШ әскері сержанттар мен офицерлерді қызметте жоғарылату (аттестация) барысында AI-талдауды пилоттық режимде қолданып келеді. taskandpurpose.com сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, әскерді Personnel Command орталығы әзірлеген алгоритм мыңдаған қызметтік деректерді електен өткізіп, қызметкердің білімі, өткен курстары, марапаттары бойынша балл қояды. Бұл жүйе біліктілігі талапқа сай келмейтін, көрсеткіштері төмен үміткерлерді ертерек анықтап, іріктеу комиссиясының уақытын үнемдейді. Яғни, комиссия лайықты үміткерлерді бағалауға уақыт жұмсап, рейтингі

Қазақстан қарулы күштерінде де алдағы уақытта персоналды басқару саласына ЖИ элементтерін енгізу әлеуеті бар. Жакында Қорғаныс министрлігі жасанды интеллектті енгізу жөніндегі мамандандырылған бөлімше құрды. Қорғаныс министрлігі сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, жаңа құрылым Қарулы күштердің цифрлық трансформациясының негізгі элементі болмақ. Бөлімшенің негізгі міндеті – деректердің үлкен массивтерін талдау, басқаруды автоматтандыру, жедел сценарийлерді модельдеу және қазіргі әскери жағдайда басқару шешімдерін қабылдау жылдамдығын арттыру үшін

онлайн қабылданады. Қазіргі таңда 22 мемлекеттік қызмет қолжетімді, оның 16-сы жоғары оқу орнына қайта қабылдану рәсімдеріне қатысты. Медициналық тексеру тәртібі де жеңілдетіліп, қашықтан тексеруден өту мүмкіндігі енгізілген.

Әскери білім беру ұйымдары үшін «Askeri Ziyat» атты бірыңғай платформа іске қосылды. Университеттер мен колледждерді біріктіретін бұл жүйеде электронды кітапхана және 20 бағыт бойынша онлайн-курстар қарастырылған. Қазірдің өзінде платформаға 1000-нан астам әскери қызметкер тіркеліп, 300-і сертификат алған.

жасанды интеллект шешімдерін әзірлеу және енгізу.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосановтың айтуынша, жасанды интеллект технологияларын әскер қызметін жаңғырту жолындағы маңызды кадам әрі қорғаныс саласындағы әлемдік үрдістерге сәйкес келетінін атап өтті.

Қазақстан әскері де цифрлық дәуірге кадам басуда. Қорғаныс министрлігі әскери есепке алу, шақыру мен қызмет процесін электронды жүйеге көшіруге ден қойды. 2025 жылғы 28 қазаннан бастап 17 жасқа толғандардың әскерге өзі-өзінен барып тіркелу тәртібі өткеннің еншісіне қалды. Енді Қорғаныс министрлігі енгізген жаңа ереже бойынша, әскерге шақыру жасына толған әр азамат автоматты түрде әскери есепке қойылады. Арнайы цифрлық жүйе 17 жасқа толған азаматтың жеке деректерін мемлекеттік мәліметтер базаларынан жинақтап, оның аты-жөні, туған жері мен күні,

Сондай-ақ «Sarbaz 2.0» жобасы үшінші жыл қатарынан жүзеге асырылып келеді. Быыл 10 мың сарбаз тестілеуден өтіп, оның 2010-ы жоғары оқу орындарына арналған грант иеленді. Бұдан бөлек, «ARMIA.KZ» сервисі арқылы жасанды интеллект көмегімен 2 мыңнан астам өтініш өңделген. Чат-бот әскери қызметке қатысты қажетті мәлімет ұсынады. Қорғаныс министрлігі ЖИ технологияларын әскерге шақыру мен жауынгерлік дайындық үдерістеріне де кезең-кезеңімен енгізуді жоспарлап отыр.

Жас сарбаздарды автоматты тіркеуден бастап, әскери білім беруді онлайн жүйеге көшіруге дейінгі кең ауқымды шаралар ұлттық армияның келбетін өзгертіп, оны жаңа дәуірге бейімдеуде. Жиңдәлдіру – әскери басқаруды жеңілдетіп қана қоймай, армияны халыққа жақындатып, жастарды тарту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізуде.

С.ТЕМІРБОЛАТ

МИНИСТРЛІК

ҰСЫНЫСЫ:

кез келген дүкенде сатылмауы тиіс

Ішкі істер министрлігінің ресми деректеріне сүйенсек, елімізде тіркелетін әрбір үшінші қылмыс алкогольдік ішімдік ішкен күйде жасалады екен. Ал әрбір екінші кісі өлтіру дерегі масан күйдегі жанжалдың салдары. Бұл статистика алкогольдің жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігіне төндіріп отырған нақты қатер екенін айқын көрсетеді. Мәселен, 2024 жылы тіркелген қылмыс саны 5930 болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 6220-ға жеткен. Яғни, қылмыс деңгейі 4,5 пайызға артқан. Мамандар мұндай өсімге алкоголь өнімдерінің шектен тыс қолжетімділігі де тікелей әсер етіп отырғанын жасырмайды. Осы жағдайларды ескере отырып, Ішкі істер министрлігі алкоголь өнімдерін тек арнайы алкомаркеттерде сатуды ұсынды. Ведомствоның мәлімдеуінше, бұл бастаманың басты мақсаты – тұрмыстық жанжалдардың алдын алу, жастарды зиянды әдеттерден қорғау және қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайту.

Министрлік өкілдері бұл қадам тек қылмыстың алдын алуға ғана емес, азаматтардың өмір сапасын арттыруға, тұтыну мәдениетін қалыптастыруға және халық денсаулығын қорғауға бағытталған кешенді мемлекеттік саясаттың бір бөлігі екенін атап өтті. Сарапшылардың айтуынша, алкоголь тұтыну азайған сайын мемлекет денсаулық сақтау, құқық қорғау және әлеуметтік қолдау салаларындағы шығындарды да қысқарта алады екен. Бұл бастаманың тиімділігі де бар. Мәселен, Қызылорда облысында



бүгінде 18 ауылда алкоголь өнімдері сатылмайды. Бұл елді мекендерде ішімдіктен бас тартудың нәтижесінде қылмыс деңгейі айтарлықтай төмендегені байқалады. Сондай ауылдардың бірі – Жаңақорған ауданындағы Өзгент ауылы. Бұл ауыл ішімдіктің сатылмағанына шамамен 10 жылға жуықтаған. Содан бері ауыл ішінде тұрмыстық жанжал азайып, қоғамдық тәртіп нығая түскен. Ішімдік сатпағанына ауыл кәсіпкерлерінің табысы артпаса, бір мыскал да кемімеген.

Жалағаш ауданындағы Таң ауылы да ішімдіктен бас тартқан елді мекендердің қатарында. Бұған дейін ауылда бір ғана дүкен өнімін сатып келген екен. Алайда игі бастама қолға алынғанда жергілікті кәсіпкерлер қолдау білдіріп, ішімдік сатуға берілген лицензиясынан өз еркімен бас тартқан. Қазіргі таңда ауылдағы бірде-бір дүкенде ішімдік сатылмайды. Бұл игі іске жергілікті полиция қызметкерлері мен ақсақалдар алқасын ықпалы зор етіпті. Жуырда ғана Таң ауылына жақын орналасқан Еңбек елді мекені де ішімдіктен бас тартып, айналасына үлгі көрсеткен. Мұндай бастамалар ауыл тұрғындарының саналы тандауы мен қоғамдық жауапкершілігінің артықанын аңғартады.

Таң ауылы тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі – егін және мал шаруашылығы. Қазіргі таңда мұнда 250-ге жуық шаңырақ бар. Ауыл халқы ішімдіксіз де өмір жалғасатынын алға тартады.

Құқық қорғау саласының өкілдері де бұл бастаманың қоғам үшін пайдалы зор екенін айтады.

– Алкоголь өнімдерінің қарапайым дүкендерде сатылуы қоғам үшін қауіпті. Көп жағдайда бақылау әлсіз, әсіресе шет аймақтарда бейнебақылау камералары жоқ. Қазір он сегіздегі бала мен отыздағы адамды ажырату қиын. Тіпті жалған куәлік жасауы ғажап емес. Ал арнайы алкомаркеттерде жас ерекшелігіне, жеке куәліктің шынайылығын тексеру мүмкіндігі жоғары, – дейді Қызылорда қалалық полиция басқармасының қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Сақтаған Мұхамедәлі.

Қызылорда қаласындағы «Мақпал» дүкенінің иесі алкоголь өнімдерін бөлек алкомаркеттерде сату қоғам үшін тиімді деп санайды.

– Дүкенге тек ересектер ғана емес, кәмелетке толмаған балалар да кіреді. Дүкен сөрелерінде ішімдіктің тұруы балалар психологиясына кері әсер етеді. Сондықтан мұндай өнімдер бөлек сатылуы керек. Мәселен, біздің дүкенде алкоголь өнімдері мүлде сатылмайды. Саудамыз жүріп жатыр, – дейді кәсіпкер Мадина Дәулетқызы.

Жастар да бұл ұсынысты қолдайтынын жасырмайды. – Алкоголь өнімдерін дүкендерде сатудың қажеті жоқ. Бұл – қоғам үшін қауіп. Біз, жастар, зиянды әдеттерден аулақ болуымыз керек. Жаспыз ғой, бәрін көру керек деген ұстанымнан аулақ болу керек. Сондықтан алкоголь тек 21 жастан асқан азаматтарға, қатан бақылауы бар орындарда сатылғаны жөн, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің гуманитарлық-педагогикалық институтының студенті, студенттік кеңес төрағасы Айда Алмасбекова.

Қорыта айтқанда, алкоголь өнімдерін арнайы алкомаркеттерде сату – қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті арттыруға бағытталған нақты қадам. Ал ауылдардағы ішімдіксіз өмір тәжірибесі бұл бастаманың өміршең екенін дәлелдеп отыр. Ішімдіксіз сауда да жүреді, өмір де жалғасады. Ең бастысы, елдің тыныштығы қымбат.

Айлана БАХТИЯР

ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ

Жаһандық климаттың жылыну қарқыны соңғы 30-40 жылда бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. NASA жүргізген талдау нәтижелері жер шарының орташа беткі температурасы 2024 жылы индустриалдық кезеңге дейінгі деңгейден 1,47°C жоғары болғанын көрсетті. 2024 жыл – тарихтағы ең ыстық жыл, ал 2015 жылдан бергі әр жыл үздіксіз рекорд жаңартып келеді. Тіпті NASA мәліметінше, соңғы он жылдың барлығы бақылау тарихындағы ең жылы жылдар санатына кіреді. Бұл ғаламдық жылынудың айқын динамикасын көрсетеді. Жылынудың географиясына назар аударсақ, өзгеріс бүкіл әлемге тән болғанымен, оның қарқыны барлық жерде бірдей емес. Мысалы, құрлықтағы жылыну ғаламдық орташа мәннен жоғарырақ, ал Арктикада көрсеткіш жер орташа деңгейінен екі есеге асады. Әр онжылдық алдыңғы онжылдыққа қарағанда ыстық, мұны БҰҰ сарапшылары да растайды. Климат жылынаған сайын жанартаулардан бөлек, табиғи емес құбылыстар, яғни парниктік газдардың жиналуы басты рөл атқаратыны дәлелденді. Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының 2023 жылғы қорытынды есебінде парниктік газдардың шектен тыс шығарындылары «жаһандық жылынуды туғызғаны анық әрі бұл үрдіс жалғасуда» деп көрсетілген.

АЮДЫҢ ДА МАЗАСЫ ЖОҚ...

Қыс бұрын аю үшін «үнем режимі» еді. Қар қалындап, азық азайғанда ол апанына кіріп, жатып алатын. Бірақ соңғы жылдары қыстың жылынуы бұл табиғи ырғақты бұзып жатыр. Кей өңірлерде күз ұзарып, қар кеш түседі де, аюлар інге уақытында кірмей қояды немесе апанынан ертерек шығып кетеді. Сырт көзге «ояу жүргені жақсы ғой» сияқты көрінгенімен, дәл осы мезет табиғатта ең аш кезең. Жидек жоқ, шөп шықпаған, аң-құс сирек. Ғалымдар аюдың қыстау уақыты қысқарса, энергия балансы шайқалатынын айтады. Яғни көбірек жүреді, көбірек тәуекелге барады, әлсірейді. Ашыққан аю ауыл маңына жақындап, қоқыс пен жем-шөп іздейді, ал мұның соңы қақтығысқа, жарақатқа немесе аюдың жойылуына әкеледі.

«PubMed Central» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, Скандинавиядағы аюлардың апанаға кіретін және шығатын күндері климаттық ауытқуларға сезімтал екені көрсетілген. Ал Солтүстік Америкадағы қара аю бойынша далалық деректерді талдаған зерттеу жылы температура қыстау ұзақтығын қысқартуы мүмкін екенін айтады. Яғни жылыну табиғи ырғақты бұзса, адам ықпалы бұл үрдісті одан әрі күшейте алады. Аюлар туралы әңгімені поляр аюсыз толық түсіну қиын. Поляр аюының тіршілік алаңы теңіз мұзы. Ол мұз үстінде итбалық аулайды. Мұз ерте еріп, кеш қата бастаса, аңшылық маусымы қысқарып, ашығу кезеңі ұзараяды. Демек, жылыну салдарынан аю түрлерінің жойылу қаупі өсіп келеді.

Климаттың жылынуы жәндіктерге де қауіпті. Ең қауіптісі, уақыттан шатасуы. Көктем ерте келіп, өсімдіктер ерте гүлдейді, ал аралар, жарғаққанаттылар кейде кешігіп шығады немесе керісінше тым ерте оянып, қорек таппай қалады. Осындай сәйкессіздік аймақтарда гүлдер мен аралардың өзара байланысына соққы беретінін көрсеткен жаңа далалық зерттеулер бар. Бұған қоса, ұзаққа созылған ыстық толқындары мен құрғақшылық олардың азығын азайтып, жәндіктердің дернәсіл кезеңінде тірі қалуы қиындай түседі. Нәтижесінде кей өңірлерде түкті аралардың саны азайып, таралу аймағы тауға немесе солтүстікке ығысқаны туралы экологиялық талдаулар да бар. Кейбір түрлері үшін жағдай тіпті шегіне жеткен. Мысалы, Франклин түкті арасы АҚШ-та жойылып кету қаупі ең жоғары түр ретінде ресми түрде мәртебесін алған. Сарапшылар оның саны күрт құлдырап, соңғы жылдары мүлде кездеспей кетуі мүмкін екенін талқылайды. Бұл жеке бір-екі мысал ғана емес. Көбелектер бойынша зерттеулерде қауіп төнген түрлердің едәуір бөлігіне климат өзгерісі тікелей қауіп ретінде көрсетілді. Иелік пен су иеліктері туралы Қызыл тізім материалдарында да климат өзгерісі көптеген түрге «қысым жасайтын» негізгі факторлардың бірі екені айтылады. Жәндіктер аясайа, бұл тек «қырларлаған тіршіліктің» жоғалуы емес. Тозандану әлсірейді, құстарға азық кемиді, тұтас экожүйенің тірегі босай бастайды.

Жылынудың салдары қазірдің өзінде байқалады. Ғаламшардың көптеген аймағында экстремалды оқиғалар жиілеп, ауа райының құбылмалылығы артты. Мысалы, 2023-2024 жылдары бірінен кейін бірі ең жылы жыл рекордтары тіркелді және әлем бойынша аптап ыстық толқындар, құрғақшылық мен су тасқыны бұрынғыдан әлдеқайда жиіледі. БҰҰ баындамасында егер еш әрекет жасалмаса, климат өзгерісі 2050 жылға қарай жыл сайынғы жаһандық ішкі жалпы өнімі 4%-ға дейін

төмендеп, миллиондаған адамның өміріне қатер төндіретіні және мәжбүрлі көшуді күшейтетіні ескертілген. Бұл – бүкіл адамзат үшін «қауіпті дабыл» деген сөз.

СЫҚЫРЛАҒАН АЯЗ ҚАЙДА?

Жаһандық жылыну үрдісі Қазақстан климатынан да анық байқалады. Қазақстан – климаты континенталды ел, әсіресе қысы қатал болатын солтүстігімен танымал. Алайда соңғы онжылдықтарда еліміздің қысқы климатында айтарлықтай жұмсару байқалды. «Биоөртүрлілік және экожүйелік қызметтер желісі» зерттеуіне сәйкес, елімізде қыс айлары жыл өткен сайын жылы болуда. Зерттеулер қыс мезгіліндегі орташа температура әр он жыл сайын шамамен +0,3°C-қа көтеріліп отырғанын көрсетеді. Тіпті кейбір ғылыми жұмыстарда Қазақстандағы ең үлкен жылыну қыста жүргені (онжылдықта +0,35°C шамасында) атап өтілген. 2024 жылдың қаңтар айы елімізде әдеттегіден +2,5°C жылы болып, рекордтық көрсеткішке жақындады. Астана қаласы бойынша жүргізілген талдау соңғы 20 жылда астананың қысы бұрынғы «қатты суық» мәртебесінен «қалыпты суық» деңгейіне жұмсарғанын көрсетті.

Қыс мезгілі ішіндегі желтоқсан айының температурасы да өткен жылға қарағанда жұм-


жылы болды. Қазақстандық климатологтардың зерттеу нәтижелері Қызылорда өңірінде жылыну қарқыны еліміздегі орташа көрсеткіштен де жоғары екенін көрсетті. 1976 - 2022 жылдар аралығында жаһандық орташа температура он жылда +0,19°C өссе, Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш +0,33°C/онжылдықты құраған, ал Қызылорда облысында бір он жылда температура +0,44°C-қа артқан. Яғни, жарты ғасырға жуық уақыт ішінде Қызылорданың жылдық орташа температурасы ~2°C-қа көтерілген және бұл өте үлкен өзгеріс.

Маусымдық талдау да қызық нәтиже көрсетеді. Қызылордала көктемгі айлар ең қатты жылынған (онжылдықта +0,87°C), ал жаз және қыс айлары да қалыспайды (+0,33...0,34°C/онжылдық). Тіпті күздің өзінде шамамен +0,2°C нжылдық жылыну байқалған. Бұл сандар өңір климатының барлық маусымда жылына түскенін көрсетіп отыр. Мысалы, 2024 жылы Қазақстан бойынша жауын-шашын орташа алғанда қалыпты түссе де, Қызылорданың кей бөлігінде жылдық жауын-шашын нормадан 40-70% кем болды, яғни айтарлықтай құрғақшылық байқалды.

Қызылорда облысының климатына Арал теңізінің тартылуы үлкен әсер етті. Өңірдің ауа райы бұрынғыдан да қатал континенттік сипат алды. Жазда шанды жел, құмды дауыл көбейді, қыста желтоқсан-қаңтардың

болуы ықтимал. Көктайғақ екінші онкүндіктердің ортасында, үшінші онкүндіктің аяғында деп болжанды, – дейді ол.

2026 жылғы қаңтар айы елдің көп аумағында орташа ауа температурасы климаттық норма шамасында болады. Қазақстанның шығысында ғана қаңтар әдеттегіден ~1°C суығырақ болуы мүмкін.



сақ келеді. Метеорологтардың байқауынша, бұрын желтоқсанда еліміздің көп бөлігінде қатты аяз жиі болса, қазір жылымық күндер саны артқан. Қазгидромет ресми сайтында ұсынған климаттық мониторинг бойынша Қазақстанда соңғы 60 жылдан астам уақытта әр онжылдық сайын біртіндеп жылынып келеді. 1960-тан бері әр онжылдықтың орташа температурасы алдыңғысынан жоғары болған. 1991-2020 жылдардағы климаттық норма көрсеткіші бұрынғы 1961-1990 жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. БҰҰ Даму бағдарламасының есебіне сүйенсек, 1991-2020 жылдары Қазақстанның орташа жылдық температурасы 1961-1990 жылдармен салыстырғанда +0,9°C-қа артқан. Бұл жаһандық жылыну үрдісінің біздің елімізде де айқын сезіленінін білдіреді. Соңғы жылдары қыс мезгілінде бұрын сирек байқалған құбылыстар, жанбыр аралас қар, жылымық қалыпты жағдайға айналып келеді.

Өрине, Қазақстан үлкен аумақты алып жатқандықтан, климаттық өзгерістер өңірлерде әрқелкі. Дегенмен, жалпы алғанда, қыстың орташа температурасы жоғарылап, экстремалды суық күндер саны қысқаруда. Бұл қыс мезгілінің бұрынғыға қарағанда жылы болуы тұрғындар өміріне қолайлырақ көрінгенімен, өзге салдары болуы мүмкін. Қар азаюы, көктайғақтың көбеюі, зиянкестердің жойылауы секілді мәселелер бар. Қысқаша айтқанда, Қазақстандағы қыс әсіресе, желтоқсан айы бұрынғыдан өзгеше. Қазір ол жылы әрі құбылмалы кезеңге айналды.

БІЗДІҢ ЖАҚТА КҮН ЖЫЛЫ

Қазақстанның әр өңірі климат өзгерісін әртүрлі өткеруде, оның ішінде Қызылорда облысы айрықша назар аударуға тұрарлық. Қызылорда – шөл және шөлейт аймағына жататын, жазы өте ыстық, қысы жылы өңір. Сонымен қатар бұл аймақ әлемге белгілі Арал теңізінің тартылуымен себепті климаттың өзгеруі мен антропогендік факторлардың тоғысқан жері деуге болады. Соңғы бірнеше онжылдықта Қызылорда облысының климаты айтарлықтай өзгерді. Жазда аптап ыстық күшейіп, қысы

жылы кезеңдерінде тұзды шаң дауылдары да байқалатын болды. NASA жерсеріктері түсірген суреттер Арал теңізі табанынан көтерілген тұзды шаңның мыңдаған шақырым аумаққа тарайтынын көрсеткен. Тұз бен құм топырақ құнарын азайтып, адамдардың денсаулығына зиян келтіруде. Дүниежүзілік банктің Орталық Азия климаты жөніндегі есебінде «климаттың өзгеруі мен шөлейттену салдарынан топырақтың құрғауы өңірде шанды дауылдардың көбеюіне әкелді» деп атап көрсетті. Расында, жергілікті тұрғындар үшін құмды дауыл үйреншікті көрініске айналып барады.

ҚАЗГИДРОМЕТ БОЛЖАМЫ

Климаттың жылыну үрдісі байқалғанымен, әр жылдары ауа райы құбылмалы болуда. 2025-2026 жылғы қыс маусымына «Қазгидромет» орталығы алдын ала болжамын жариялады. «Қазгидромет» РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының «Метеоболжау» бөлімінің бастығы Айгерім Жөкеловадан қыс қандай болатынын сұрадық.

– Ауаның орташа айлық температурасы -2,2-6,5°C, бұл облыстың басым бөлігінде нормадан 1° жоғары, облыстың оңтүстік-шығысында норма шамасында (норма: -2,8-7,9°C). Екінші онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде 5-10°C, облыстың солтүстігінде -13°C аяздан -15-20°C аязға, күндіз 0-5°C аяз, облыстың оңтүстігінде +3°C жылдан 5-10°C аязға ауытқиды. Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде -12-17°C, облыстың солтүстігінде -20°C аяздан -5-10°C аязға, күндіз 5-10°C аяздан 0-5°C аяз, облыстың оңтүстігінде +5°C жылыға аздап жоғарылауы болжанады. Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың шығысында норма шамасында болады. Жауын-шашын айдың ортасында және аяғында болжанады. Қар екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында. Бұрқасын екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел екінші онкүндіктің ортасында және аяғында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында, аяғында

Ал Қызылорда облысы үшін қаңтар айы орташа көпжылдық мәндерге сай өтеді деп күтіледі, яғни ерекше өзгерістер күтілмейді.

– Ауаның орташа айлық температурасы -4,4-10,3°C, бұл норма шамасында болмақ. Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде -3-8°C аяздан -8-13°C аязға, күндіз 0,+5°C жылыдан 0,-5°C аязға аздап төмендейді. Онкүндіктің аяғында түнде -1-6°C-ға, күндіз +2+7°C жылыға жоғарылауы күтіледі. Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде -20-25°C аязға, күндіз -10-15°C аязға төмендеуі болжанады. Онкүндіктің аяғында түнде -1-6°C-ға, күндіз +2+7°C жылыға жоғарылауы күтіледі. Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде -21-26°C аязға, күндіз -11-16°C аязға дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -18°C аязға, күндіз -8°C аязға дейін төмендеуі мүмкін. Онкүндіктің аяғында түнде -8-13°C-ға, күндіз -0,-5°C аязға жоғарылауы күтіледі, – дейді маман.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЛАРЫ

Климаттың өзгеруінің негізгі себебі – атмосферадағы парниктік газдардың (көмірқышқыл газы, метан, диоксид азот, т.б.) концентрациясының күрт өсуі. Бұл газдар жер бетінде пайда болатын жылулы ғарыш кестігіне шығармай, қайта ұстап қалып, буланады. Климаттың өзгеруі жөнінде сарапшылар парниктік газдарды шамадан тыс шығару – жаһандық жылынудың басты қозғаушы күші, оған адамзаттың энергияны көп тұтынуы, орман-тоғайдың азаюы және өнеркәсіптік өндіріс тікелей себепкер екенін айтады. Өткен 170 жыл ішінде Жердің орташа температурасы +1°C-тан астам көтерілді, мұндай жылдам өзгеріс адамзат тарихында болмаған. XX ғасырда қарқынды дамыған өнеркәсіп, қазба отынды жағу, көлік құралдарының көбеюі атмосфераға бұрын болмаған көлемде көмірқышқыл газы мен басқа да газдарды қосты. Мәселен, қазіргі көмірқышқыл газы концентрациясы соңғы 2 миллион жылдағы ең жоғары деңгейге жеткен.

NASA және NOAA деректері бойынша 2023 жылы атмосферадағы көмірқышқыл газы көлемі 420 ppm шамасынан асып, рекорд жаңартты.

Парниктік газдардың осылай шектен тыс жиналуы нәтижесінде планетамыз жыл сайын қыза түсуде. Оның салдары қазірдің өзінде сезілуде және уақыт өте күшейіп барады. БҰҰ-ның 2025 жылғы «Жаһандық экологиялық болжам» есебінде егер бүгінгі бағыттан таймасақ, климат өзгерісі «ғаламшарды қауіпті жағдайға тіркемек, экономикаға орасан зиян келтіріп, адамдар мен табиғатқа кең ауқымды шығындар мен залалдар әкелмек» деп ескертеді. Ғалымдардың айтуынша, қазірдің өзінде адам әрекеті әсерінен әр өңірде ауа райы экстремалды құбылыстарының жиілігі мен қарқындылығы артты. Мысалы, бұрын жүз жылда бір қайталанатын алапат су тасқыны мен аптап ыстықтар енді он-жиырма жылда бір кездесетін қалыпты құбылысқа айналуы мүмкін.

Жаһандық деңгейдегі салдарына келсек, климаттың жылынуы теңіз деңгейінің көтерілуіне, мұхит суларының жылынуына және қышқылдануына, поляр аймағы мұздықтарының еруіне әкелуде. ХХІ ғасырда мұхит деңгейі бірнеше ондаған сантиметрге көтеріліп, көптеген жағалау аумақтарына қауіп төндіреді. Климат моделі бойынша, егер парниктік газ шығарындылары шектелмесе, 2100 жылға қарай дүниежүзілік мұхит деңгейі 1 метрге дейін көтерілуі мүмкін. Бұл Мальдив, Маршалл аралдары сияқты мемлекеттердің су астында қалуына, жағалаудағы миллиондаған адамның орын ауыстыруына әкеледі. Сондай-ақ апатты ауа райы құбылысы (құрғақшылық, орман өрті, тайфун, толассыз жанбыр, т.б.) жиілігі артты. Мәселен, 2023 жылы Еуропада тарихтағы ең күшті орман өрттері және Кытайда бұрын-соңды болмаған су тасқыны орын алды. Ғалымдар мұны тікелей климат өзгерісімен байланыстырады. БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының атқарушы директоры Ингер Андерсеннің айтуынша, «жанармайды жаға беріп, табиғатты құрта берсек, залалы еселене бермек», яғни климат дағдарысы шешілмесе, 2050 жылға қарай әлем бойынша миллиондаған қауіп туындайды.

НЕ КҮТЕМІЗ, ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАЗЕТ?

Ғалымдардың болжауынша, климаттың қазіргі өзгеру қарқыны сақталса, болашақта бізді тұрақсыз әрі қатерлі ауа райы күтіп тұр. Париж келісімінде белгіленген мақсат – ғаламдық орташа жылынуды +1,5°C деңгейінде шектеу. Өкінішке қарай, бұған қол жетпей барады. IPCC бағалауы бойынша, алдағы 10-20 жылда Жер температурасы бұл межеден асып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан халықаралық қауымдастық үшін ендігі онжылдық шешуші кезең болмақ: парниктік газдар шығарындыларын жедел, ауқымды қысқартуға кіріспесек, 2°C, одан кейін 3°C жылыну орын алуы ықтимал. Ал әрбір қосымша градус климаттық жүйеге орасан салдар әкеледі: мысалы, 2°C жылынуда көптеген экожүйелер қалпына келмейтін өзгеріске ұшырайды, рифтер жойылады, ал 3-4°C жылынуда бүгінгі өркениеттің үйреніштігі тірегі – ауыл шаруашылығы, су ресурстары, жағалау инфрақұрылымы дағдарысқа ұшырауы мүмкін. Осы себепті Біріккен Ұлттар Ұйымы барлық елдерді дереу әрекет етуге шақырады. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутеррешдің сөзімен айтсақ, климаттық өзгерістерге қарсы күресте кешегідей – «адамзат үшін моральдық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да кешірілмес қателік».

Осындай қауіптердің алдын алу үшін қандай шаралар қажет? Ең алдымен, жаһандық деңгейде парниктік газ шығарындыларын қысқарту – яғни, көмір, мұнай, газ жағуды азайтып, орнына күн, жел, су энергиясы сияқты баламалы көздерге көшу.

Жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруі – біз өмір сүріп отырған ортаны жаңа жағдайларға бейімделуге мәжбүрлеуде. Қазақстан да бұл ғаламдық үрдістен тыс қалған жоқ: қысы жұмсарып, жазы ұзарып, климат жылынуда. Қызылорда облысы секілді өңірлерде бұл өзгерістер тіпті қатты сезіліп отыр – табиғи ортаның да, тұрғындардың да алдында жаңа сынақтар тұр. Дегенмен, дұрыс саясат пен белсенді әрекет арқылы ең ауыр салдарлардың алдын алуға болады. Ең бастысы, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді үйрену: су, жер, орман сияқты ресурсқа ұқыпты қарап, көміртекті аз экономикаға көшу. Сонда ғана келер ұрпаққа қолайлы климат пен қауіпсіз орта қалдыра аламыз. Климат өзгерісі – бүкіл адамзаттың ортақ мәселесі, оны шешуде ортақ міндет. Қазақстан да осы ортақ іске өз үлесін қосаға және жаһандық сын-қатерге төтеп беруге дайын болуы тиіс.

София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Таңырыш №2180

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ